ЗКТ
НСГЗ, ИЮС
в дел. производке
20.02.2024г.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 9 қаңтар № 7119-23-00-2/15125 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

Төрағалық етуші судья А.С.Искалиева,

Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Айша» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жулдыз Косылхановна Ашетаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Айша» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жулдыз Косылхановна Ашетаеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Айша» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жулдыз Косылхановна Ашетаева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 09.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024, судья Искалиева А. С., 19.02.2024
7119-23-3-1/15002
5573 әскери бөлім
Кірген № 35-2365
20 02 2024 ж.
8 бет
2 бет

Жауапкер «Айша» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жулдыз Косылхановна Ашетаевадан мемлекет пайдасына 1 716 (бір мың жеті жүз он алты) теңге тұраксыздық айыбы өндірілсін.

Жауапкер «Айша» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жулдыз Косылхановна Ашетаевадан мемлекет пайдасына 1 776 (бір мың жеті жүз жетпіс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 09.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024, судья Искалиева А. С., 19.02.2024